



*Ақсу қаласы дарынды балаларға арналған
мамандандырылған гимназиясы
№1,2 2012 ж*

Бүгінгі нөмірде:

***Бүгін еліміздің
барлық мектептерінде
жаңа 2012-2013 оқу
жылы басталды**

БАЛАУСА





Жаңа оқу жылы басталды



Бүгін еліміздің барлық мектептерінде жаңа 2012-2013 оқу жылы басталды. Таңның атысымен құшақ-құшақ гүлдерін құша ұстап, мұнтаздай киініп, бал-бұл жайнаған жайдары балалар ата-аналарымен бірге мектептерге қарай ағылды. Жүздерінде жылы күлкі. Көздерінде от. Олардың арасында тарыдай болып кіріп, таудай болып шығатын білім мен ғылымның алтын ұясы мектебінің ақ босағасын алғаш рет аттағалы бара жатқан сан мыңдаған бүлдіршіндеріміз бәйгеге бапталған тай-құнандай құлпырады. Қадамдарың құтты болсын, кішкентай кемеңгерлер. Дендерің сау, мол білімді, елін-жерін сүйетін мықты азамат болып ер жетіндер. Ертеңгі ел тізгіні сендердің қолдарыңда. Ақ жол!

Гимназияда жоғары сыныптар арасында «Күз ханымы мен ханшайымы» байқауы өтті

Жайдары күз, жарқын күз

Аяулы күз, алтын күз.

Дәнге толы ен далам

Дариядай шалқар күз,-дегендей, күз мезгілі де айналаға құшақ жайып, бар байлығы – жемісін әкеліп қалыпты. Осыған байланысты гимназиямызда 8-11 сынып аралығында «Алтын күз» сайысы өтті. Сайысты 9-сынып оқушылары ұйымдастырды. Бұл сайысқа үш жұп қатысып, бақтарып сынады, олар: 8-сыныптан Олжабаев Аян мен Ислям Айзада, 10-сыныптан Сергазин Арман мен Ибраева Сая және 11-сыныптан Кенжеғалиев Ризабек пен Имангазина Адина қатысты. Сайыс жалпы 4 кезеңнен тұрды: 1. Подиум-2012, 2. Күзгі сұрақтар, 3. Үй жұмысы- күз өнері, 4. Күздің сыйы. Әр сыныптың намысын қорғаған жұптар өздерінің өнерлерін жақсы көрсетіп, көрермендерді тәнті қылды. Дегенмен, сайыс болғандықтан, жеңгендер де болады, жеңілгендер де болады. Сайыстың қорытындысы бойынша, Аян мен Айзада 3-орынға тұрақтады, 2-орынды Ризабек пен Адина иеленсе, 1-орынды 10-сынып оқушыларының жұбы Арман мен Сая қанжығаларына байлады. Сайыс көңілді би кешімен жалғасты.

Суретте:1-орын иегерлері Сергазин А. мен Ибраева С.



Бұлмерекеағаурпақтыңқоғамөмі
рінеқосқанүлесінешынайыризаш
ылықбілдіретінжәнеардагерлерге
қамқорлықкөрсететінкүнболып
абылады.

Қарттарғақамқорлық–
біздіңхалқымыздыңсанасынате
р еңсінгенқасиет.

ЕлПрезидентіНұрсұлтанӘбішүл
ыНазарбаевтыңсарабдалсаясаты
нынаарқасындаҚазақстандаарда
герлергеқамқорлықжасаудаауқы
мдышараларіскеасырылуда.

Аяулы ардагерлер!

Біз, сіздердің балаларыңыз бен немерелеріңіз, тәлімді тәрбие, сапалы білім беріп өсіргендіктеріңіз үшін, өмірдің небір қиындықтарын қайыспай жеңе білуге және жеңістерге шаттана білуге үйреткендеріңіз үшін терең алғысымызды білдіреміз. Ендігі жерде біздің перзенттік парызымыз – тек мерекелерде ғана емес, сіздерді әр күні қамқорлыққа алып, көмек көрсету.

Қымбатты ардагерлер!Бүгінгі ұрпақ үшін жасаған бар жақсылықтарыңыз үшін шынайы алғысымызды білдіреміз. Сіздерге зор денсаулық, көтеріңкі көңіл-күй, отбасыларыңыз бен замандастарыңыз арасында атап өтетін мереке күндері көп болсын деп тілейміз. Егде тартқан жастарыңыз еңселеріңізді түсірмей, өмірлік күш-қуаттарыңыз ұзағынан болғай!

Жүректен шыққан ізгі тілектерімізді қабыл алыңыздар.

Баршаңызға мықты денсаулық, отбасында береке – бірлік тілейміз!

Гимназия ұжымы



Гимназиямызда «Қарттар күніне» орай мерекелік шара ұйымдастырылды

Гимназия әкімшілігі мен оқушыларының ұйымдастыруымен 2012 жылдың 2 қазанында мәжіліс залында «Қарттар мерекесі» өткізілді. Кешке келген ардагерлер мен қарияларға гимназия оқушылары өз орындауларында әсем ән мен тәтті күйді тарту етті.

Кең құшағы саялы Қаратаудай
Алақаны аялы Алатаудай.
Әңгімесін тындасаң қарттарымның
Көңілің жай тауып бір қалатындай.
Ақсақалдар сарқылмас дариялар,
Әр сөзінен көңілге бақ ұялар.
Сіздерді құрметтейміз,қадірлейміз
Аяулы ардагерлер,қариялар!



22 қыркүйек Халықаралық тілдер күні

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады.

Тіл – шалқыған шалқар теңіз, тіл – тіршілік жүрегі дейміз. Ел мен елді ұғыныстыратын да, жауластыратын да тіл екені ақиқат. «Бір жақсы сөз бітірер мың көңілдің жарасын» дейді. Ана тілі - өзінің топырағында қамқорлық жасамаса, ажарынан айырылады. Қазақ тілін ғасырлар бойы ел болып жасадық, енді оны жаппай ел болып қорғау міндет болып тұр.

Тіл байлығы – әрбәр елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да, қарсы болуы тиіс. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының тұрғылықты халқы – қазақ халқының және шетелдерде өмір сүріп жатқан қазақтардың ұлттық тілі.

Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі, әрі оның ажырағысыз белгісі. Ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты. Тіл – ұлттың жаңы, тіл – ұлттың асыл қазынасы. Бұл қазынаны жоғалтуға болмайды.

*Ана тілім – амамдайын аяулым,
Сенсіз жерде көш соңында жаяуым.
Сенсіз жерде күйім көрдей қараңғы,
Сенсіз қалсам құруға да таяуым.*

Ана тілін бір кісідей ардық тұтып, бесіктен бастап анамыздың сүтімен енген тіл құдіретін ғұмыр бойы қастерлеп келе жатқан адам тұрғысында да өзіндік пікір, ұстаным бар. Тіл – діліміздің діңгегі, салт-дәтүріміздің қайнар бұлағы.

Тілдік қоры аса бай, көркемдік қуаты өте жоғары, халықтық тарихы тым тереңде жатқан қазақ тілін мемлекетіміздің ортық тіліне айналдыратын ортақ қызметте ұстанған ұлттық көзқарасымыз тұғырлы және ғұмырлы болсын!

Орыс тілі мұғалімі Бахтулла Шәріпқызы «Үздік авторлық бағдарлама - 2012» атты Республикалық конкурсқа қатысып жүлделі орынға ие болды. Сізге шығармашылық шабыт, еңбекте жеміс тілейміз!

6 қазан – Ұстаздар күні

Міне, жадырап жаз өтіп, алтын күз де келіп жетті. Табиғаттың осы бір жыл мезгілін әркім-ақ сыңғырлаған жез қоңыраууімен, мектептегі мұғалімдер мен оқушылардың қарбалас, сағыныса табысқан қуанышты сәттерімен елестетеді. Жаңа оқу жылымен қатарлас келетін Мұғалімдер күні де күздің үлесіне тиіпті. Мектеп қабырғасынан әлдеқашан алыстап кетсе де, бойында жылуы бар әрбір парасатты азамат әліпүйретіп, білім теңізіне жетелеген ұстаздары мен балалық шағының талай қызықты күндеріне куә болған алтын ұя – мектебін әрдайым мүлкен сағынышпен, құрметпен еске алып отырады. Олай болса, мұғалім бақыты – шәкірт құрметі.



Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.

Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымына құрмет арта бермек! Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Құттықтау

Ағылшын пәнінің мұғалімі Сания Ақашевна оқушыларымен бірге "FLEX" тестілеуіне барып қайтты. Нәтижесінде 9 сынып оқушысы Хайргельдин Асқар 2 турдан сүрінбей өтіп, АҚШ-тың соңғы шешімін күтіп тұр. Егер жуырда болатын 3 турды өтсе, 2013-2014 оқу жылында АҚШ-та оқитын болады.



Бахтулла Шәріпқызы мен Алтынбек Аманжоловичті жетістіктері үшін шын жүректен құттықтаймыз!!!

Мерекенің шығу тарихы:

Мұғалімдер күнінің тағайындалуына 1986 жылдың 5 қазанында Парижде өткен мұғалімдердің мәртебесі туралы Арнайы үкіметаралық конференция тарихи негіз салды. Нәтижесінде ЮНЕСКО мен Халықаралық еңбек ұйымының өкілдері "Мұғалімдердің мәртебесіне қатысты ұсыныстар" құжатына қол қойды. 1994 жылдың 5 қазаны күні Дүниежүзілік мұғалімдер күні алғаш рет аталып өтілді. Дегенмен де, жекелеген елдер мерекені 5 қазанға жақып күндері атап өтеді. Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Беларусь, Латвия және Украина атап өткен мерекесін қазанның алғашқы жексенбісінде тойлайды.



Барша мұғалімдерді өткен кәсіби мересімен құттықтаймыз!

Құттықтаймыз!!!



12 қазан күні ұстаздарымыз Мұхитова Айсұлу Бөкенбайқызы мен Дембельбаев Нұржан Арыстанбекұлы туған күндерін атап өтті. Біз, гимназия оқушылары оларды шын жүректен құттықтаймыз!

Қазақ тілінде қысқа да нұсқа, әрі дәл айтылған үш тілек бар. Соларды біз сіздерге тілейміз. Олар: денсаулық, бақыт, ұзақ өмір. Себебі, денсаулық болса жұмыс та болады, табыс та болады. Бақыт деген сөздің ауқымы кең: себебі, біреулер үшін бақыт деген - сүйген

адамының қасында аман-сау жүргені, бақыт деген - біреулер үшін - ата-анасының қуанғаны, ал біреулер үшін бақыт деген балаларының бақытты болғаны. Ал егер де денсаулық пен бақыт болса, неге ұзақ өмір сүрмеске?! Денсаулықтарыңыз мықты болсын, бақыт құсы бастарыңызға консын, өмір жастарыңыз ұзақ болсын!!!



Қазақ тілі пәнінің мұғалімі

Білім беру саласында 5 жыл бойы қызмет атқарады.

Поэзияны жақсы көреді, Осы салаға байланысты өте көп ізденіс жұмыстарын жүргізеді. Бос уақытында дәмді тағамдарды әзірлейді.

Облыстық "Ертіс өңірінің компоненті" байқауының 2-орын жүлдегері.

Оқушылары талай мәнерлеп оқу сайыстарының жүлдегерлері атанды. Соның ішінде Абильдина Ботагез ғылыми жобаның "Ұлттық өнерді өрнектеген туған елдің тарланы" тақырыбын қорғап, 2-орын иесі атанды.

Жакупова Самал Серікқызы



Физика пәнінің мұғалімі:

Атиқ Бибігүл Васильевна

Білім саласында 11 жыл бойы қызмет атқарады.

Жетістіктері: "Аудандық жыл мұғалімі" сайысында 2-орын (Шарбақты, 2009);

Облыстық "Алтын диск" сайысында 3-орын (2009) ;

2008 жылы "Жыр дастан" шығармашылық конкурста 2-орын (Павлодар облысының 70 жылдығына арналған іс-шара) иеленсе,

2008 жылы 110 шығармашылық жұмыстарды іріктеу нәтижесінде

Халықаралық "Microsoft" жазғы мектебінде демалды.

Бос уақытында: өлең шығарып, мақала жазып, тоғыз құмалақ ойнайды.

Көркем әдебиет оқуды жақсы көреді. Оның мақалалары және

Бибігүл Васильевна туралы басқа мұғалімдердің жазған ой-пікірлері: "Трибуна",


"Ұстаздар", "Ақ жол" газеттерінде басылды.



Өрлей бер гимназия!

«Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясының» «Балауса» газетінің қосымша айдары

Жырдан тамған - ЖАС бұлақ!



Бастау сөз!

Армысың, қазағымның ұландары!
Армысың, көк байрақтың қырандары!
Армысың, қазағымның бетке ұстар,
Елімнің дара да бір тұлғалары!
«Армысың гимназия өрендері,
Бірінен-бірі асқан төрелері.
Рымкеш апай бастаған гимназия,
Мектебі биік шыңды өңірдегі.»
(Серғазин Арман)

Ұстазым!

Алғаш қалам ұстатқан,
Баласына ұқсатқан.
Екінші анам – Ұстазды,
Сыйлап өтем әрқашан!

Абшүкір Анаргүл
4 «ә» сынып.

Ұстазым!

Ұстазым өмірімнің бастауы,
Өзіңсіз әрбір адамның басты әні.
Құштарлық ойнатып білімге,
Балалық артта қалғаны.
Мейрамдарын құтты болсын,
Ұстазым менің жан әнім.

Орынбаева Әнел
4»ә» сынып.

Отбасым!

Отбасымда төрт адам,
Мен олармен мақтанам.
Өсе келе білім ап,
Ақылды ұл атанам.

Амангелді Абдуллаһ
2 «а» сынып.

Қазақпыз!

«Қазақ» деген халқымыз,
Ұлы менен қызымыз.
Біз бәріміз қазақпыз,
Билейміз қаражорға бәріміз.

Зәруза Нұрай

2 «а» сынып.

Айдарды дайындаған:

Серғазин Арман
10-сынып.

С
П
О
Р
Т
Ж
А
Ң
А
Л
Ы
Қ
Т
А
Р
Ы



Ақсу қаласының әкімі Б.Бақауов қыркүйектің 20-сында спорт күніне орай дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясының дене шынықтыру пәнінің мұғалімі **Н.Дембельбаевқа** қала әкімінің атынан

Құрмет грамотасын табыстады және Республикалық "Лучшие люди Казахстана" энциклопедия баспасының шешімімен "білім саласына сіңірген еңбегі үшін" медаліне ие болды.



Қыркүйек айының 16-17

күндераралығында Павлодар қаласында спорттық бағдарлаудан облыстық спартакиада өтті. Бұл спартакиадада 1-орынды Амиргалиева Мадина мен 3-орынға Успанова Айгерим иеленді. Сонымен қатар «Папа, мама и я – туристическая семья» атты сайысында Ақсу қаласының намысын қорғау үшін 3 команда катысты. Оның ішінде Зупаровтаржанұясы 2-орынға ие болды. Осы жеңіспен шын жүректен құттықтаймыз!

Гимназия оқушылары қалалық КТК сайысында өз-өнерлерін көрсетті!



Сәлеметсіздер ме, құрметті оқырман қауым! Өзіміздің сүйікті әрі көркем қаламызда жақында ғана «Болашақ біздің қолымызда» атты шығармашылық Көңілді Тапқырлар ойыны ойналып өтті!!! Осы сайысқа яғни ойынға Ақсу қаласының барша әзілқой, әзілқеш төрт топ таланттары бәсекеге түсті. Атап



айтсам: Қызылжар ауылынан «Қыздар», Ақсу қаласы, №2 орта мектебінен «Астана», №1 орта мектебінен «Мәмәси» және де өзіміздің гимназиямыздан 7,8,9-сынып оқушылары, әрі менің сыныптастарым «Винигрет» командалары бәсекелесті. Осы сайысты өз көзімен көргендіктен барлық ойналған әзілдер қойылған қойылымдар керемет жоғары деңгейде өтті деп айта аламын. Барлық командалар өз өнерлерін тырысып ортаға салды, дегенмен бұл ойын, мұнда міндетті түрде жеңімпаз атанады. Сайыстың соңын қортындылай келе осы болған ойынның жеңімпаздары кубоктың иегерлері Винегрет командасы болды

.Балауса тілшісі: Жолдас Азамат

"Жас дарын өрендері"

Біздің

гимназиямыздың 11-сынып оқушысы, облысымыздың мақтанышы Михайленко Юлия облыстық «Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ» атты Абай оқуларынан топ жарып, республикалық сайысқа қатысып келді. Юлия, осы сайыс туралы жалпы айтып өтсең.

- Мен 19 қыркүйек күні Орал қаласында өткен өзге ұлт өкілдері арасындағы республикалық Абай оқуларына қатысып келген болатынмын. Сайыс 3 кезеңнен тұрды. 1-кезең – Абай шығармаларын мәнерлеп оқу, 2-кезең – Абайдың немесе халық өнін орындау, 3-кезең – Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романынан үзінді оқу. Сайыс өте қызықты өтті. 15 адам қатысты, барлық қатысушылар мықты болды. Топ жарып шығу қиын болды. Сайыстың нәтижесі бойынша мен 5 орынға ие болдым. Бас жүлдені Оралдың қызы Ропатская Ольга жеңіп алды. Орал қаласын араладық. Осы сайысқа дайындаған тілдер бөлімінен Есжанова Айжан апайға алғысым шексіз. Сайысқа барып білмегенімді үйреніп келдім. Осылай тәжірибе жинақтаймын.



Бұл кезең

«Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы

Қоңыр күз келіп, барлық балалар оқуға жиналды. Ал мен болсам демалысымды жалғастырдым. Өткен жылғы олимпиададан топ жарып шыққаным үшін «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығына жолдама алып едім, оқу басталып кеткенде сол жерге сапар шектім. «Балдәурен» - балалар арманының аралы делінеді екен, шынымен де солай екен. Бұл жерде еліміздің түкпір-түкпірінен дарынды да талапты балалар жиналады екен, солардың арасында менің болғаным өте қуантты.



Балдәуренде уақыт өте қызықты өтеді. Танертең өз қызығушылығың бойынша үйірмелерге, түскен кейін мектепке, ал кешке әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады, бос уақытыңда топтың ішінде іс-шаралар ұйымдастырылып, ұйымдастырушы-ұстаздармен жақынырақ танысуға болады. Әр күнің бір-біріне ұқсамайды, күндер алуан түрлі қызығушылықтарға толы.

Мен 2012 жылдың 12 ауысымы «Батырлар, батылдар, күштілер» дене шынықтыру фестивалінің министрі болдым. Қай шарада болсын өзімді өрсетіп, белсенді болдым. Барлық ұйымдастырушы-ұстаздар, кураторлардың және балдәурендік балалардың есінде қалдым деп ойлаймын. Барлық балалармен достасып кеттім. Қоштасар кезде өте қиын болды. Балдәуренде өткен 20 күнімді ешқашан ұмытпаспын.



Ал балалар, сендерге айтарым, белсенді болыңдар! Бақтарың шапса, сендер де балалар арманының аралында боларсыңдар.

Балауса тілшісі: Кауржанова А.

I Тоқсанның жемісі

Жалпы, I тоқсанның нәтижесі бойынша мектебіміздің оқушылары мен ұстаздары өздерін жоғары дәрежеде көрсетті. Атап айтсақ, Республикалық деңгейдегі Кенгуру зияткерлік сайысында III орын иеленген, жасөспірімдер олимпиадасының жүлдегері, жазғы демалыс кезінде Париж қаласына сапарға 9-сынып оқушысы Әсет Ерназар барып келді. Алматы қаласында «Бөбек» ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығында 17-23 қыркүйек аралығында өткен «Шабыт – шығармашылық шынары» атты республикалық шығармашылық студиясына катысып, сетификатқа 6-сынып оқушылары Боранбай Бихан мен Ержинбаева Мадина ие болды. Осы «Бөбек» орталығында 7-13 қазақ аралығында өткен II Республикалық астротурнирда облыс командасы құрамында III орынды 11-сынып оқушысы Хайдаров Дастан иеленді. Ақсу қаласында өткен барлық ақсулықтар катысқан күзгі кросста ұстаздарымыз Бакирбекова Гүлбану Абусыздыққызы және Джамалбаев Мейрам Сағатұлы II орынға, Сыздықов Азамат Жанайдарұлы III орынға ие болды. Орыс тілі пәнінің мұғалімі Бекбасова Бахтулла Шариповна Республикалық үздік

авторлық бағдарлама сайысына катысып, жүлдегер атанды. Осындай жетістіктерге алдағы уақытта жете берулеріңізге тілектеспіз! Биік шындардан көріне беріңіздер!



Үздік авторлық бағдарлама байқауы жүлдегері Бекбасова Б.Ш



Астротурнирға катысушы 11 сынып оқушысы Хайдаров Дастан мен сынып жетекшісі Муканова Б.Ш

Қалалық күзгі кросс жарысының жүлдегерлері Бакирбекова Г.А мен Джамалбаев М.С



Елімізде алғаш рет «Қазақстанның үздік ұстаздар балы» өтті.

Кәсіби төл мереке «Ұстаздар күні» қарсаңында еліміздің үздік ұстаздарының балы өтті. Оған білім саласына қомақты үлес қосқан құрметті қызметкерлер, ардагер ұстаздар мен облыс аймақтың білім басқармасының басшылары, облыс әкімінің орынбасарлары қатысты. Салтанатты жиының ресми бөлімін Қазақстанның «Үздік педагог» атағына ие болған 48 ұстаздар вальс биімен кешті көріктендіре түсті. Бұл болашақта шара дәстүрге айналмақ. Бұл дегеніміз қоғамда ұстаз мәртебесінің күннен-күнге артқанын байқаймыз. Сонымен қатар, Республиканың шығармашыл, жаңашыл мұғалімдер жайлы «Даңқты мұғалімдер кітабы» атты интернет басылымдарын жарық көрді. Мұғалімдердің балы бұрын соңды елімізде болған тарих беттеріне жаңалық болып қала бермек. Кеште үздік педагог иегерлеріне «Білім беру ұйымдарының үздік педагогі» медалі, куәлігі, шаңырақ тәріздес келген статуэтка табысталды.

Ұстаз мәртебесін оған жағдай жасау арқылы көтеруге болады. Бұл бағытта да бірнеше жұмыстар атқарылып жатыр. Жас мамандардың көтерме ақы алуы, тұрғын үйлермен қамтамасыз етілулері қуанарлық нәтижелер. Оған “Дипломмен ауылға” бағдарламасы арқылы ауылға жас маман болып келіп, ұстаздық етіп жатқандары дәлел.

Мұғалімінің кәсіби біліктілігін үздіксіз шыңдау мен шығармашылық қабілетінің дамуының кепілі ұстаз тәжірибесінің дамуының алғышарты болып табылады. Сондықтан білім беру саласында мұғалімдердің кәсіби біліктілігінің артуы, озық педагогикалық тәжірибелерінің зерттеліп, жинақталуы ғылыми-әдістемелік кеңеспен, байқаулардың ұйымдастырылуына байланысты. Осындай байқаулардың арқасында жалпы мұғалімдер бір-бірімен тәжірибе алмасады. Осындай іс-шаралармен байқаулар менің шыңдалуыма да көп үлесін тигізді. «Қазақстанның үздік педагог» байқауының жүлдегері атанып, Үздік ұстаздар форумы мен ұстаздар балына қатысатымды алғаш естігемінде қуанышымда шек жоқ. Еліміздегі алғаш ұйымдастырылып отырған үздік ұстаздар балына қатысып отырғаным жүрегіме қуаныш пен бақыт сезімін ұялатады. Егер мектеп өмірінен әр адамның жүрегінде ізгілік сәулесі болса, ол –мұғалімінің еңбегі. Сол нұрды жеткініштің жүрегіне сіңіру ол менің басты міндетім деп санаймын. Мен үшін дүниеде адамды жас кезінен тәрбиелеп, мектеп босағасынан азамат қылып аттандырғаннан асқан абырой мен құрмет жоқ. Сондықтанда, жаңа ғасырдың мұғалімі жан-жақты жоғары деңгейде білімді болуы қажет. Ұстаз мәртебесін көтеретін – ұстаздың өзі ғана деп есептеймін.



Алтынбек Аманжолұлы Жакупов

Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясының география пәні мұғалімі, магистр,

**географиядан республикалық атаулы мектеп мүшесі,
«Үздік педагог-2012» медалінің иегері.**

«Балауса» радио-ақпараттық орталығы Павлодар қаласына «Павлодар» радиосы тілшілерімен кездесуге барды.

2012 жылдың қазанның 25 күні біз, «Балауса» радио-ақпараттық орталығының мүшелері, Павлодар облысының «100.5 FM» радиосына экскурсияға барған едік. Біздің жетекшіміз – Самал Серікқызы Жакупова. Бұл экскурсия бізге өте қатты әсер етті. Әсіресе, радио-бағдарламаны дайындаушылардың адамдардың жаңалықтарды, әзіл-сықақ бағдарламаларды және тағы басқа бағдарламаларды естісін, білсін деп қажымай еңбек етуі. Бізге радио-студияның түпкір-түпкірін көрсетті. Радио-студияның жұмыскерлерімен таныстырып, біздің «Балауса» ақпараттық орталығының мүшелерімен сұхбаттасып, әңгіме-дүкен құрды. Радионы дайындау үшін қанша қажырлық, қайсарлық, шыдамдылық керек екенін білесіздер ме? Олар бізге радио-бағдарламаны даярлаған кезде бір мезеттік жұмыс емес екенін түсіндірді, себебі диктордың кателіктерін түзейтін редакторлар және бағдарламаны дайындайтын режиссерлер және бағдарламаны жүргізушілер – дикторлар бағдарламаны дайындауға өз үлестерін қосады.



Бізді басты дикторлар Ардақ ағай және Юлия апаймен таныстырды. Олар бізге бағдарламаны жүргізіп жатқан кезде сөз байлығының қажеттілігі керек екенін айтты.

Осы экскурсия мені немесе менің болашағымды өзгертуге өз әсерін тигізді. Себебі осы радиостудияда өте қызықты дүниелер болып жатады. Сондықтан қазір мен таңдау жасап жүрмін.

Бізді алып барған Самал Серікқызына және бізді қонақжайлықпен қарсы алған Павлодар облыстық радиосына алғысым шексіз!

Баяманова Гүлден

2 қараша күні Ғылыми жобалартыңдалды

8-11 сыныптар арасында Ғылыми жобалар жарысының аймақтық туры өтті. Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназия оқушыларыныңғылыми жұмыстары тыңдалып, 17 жоба облыстық ғылыми жобалар жарысының іріктеу турына жіберілді. Олар төмендегідей, **«Ғылыми-техникалық прогресс–экономикалық дамудың негізі»**бағытының *физика секциясы* бойынша Мусаипов Қуат пен Рамазанов Дархан «Энергияны үнемдеу мақсатында гимназияның компьютерлеріне күн батареяларын пайдалану» тақырыбында,**«Экономикалық және әлеуметтік үдерістерді математикалық үлгілеу»** бағытының *информатика секциясы*бойынша Габдуллин Батырхан мен Тлеумов Даниял «Macromedia Flash бағдарламасының көмегімен оқыту кешендерін дайындау» тақырыбында,**«Салауатты табиғи орта- «Қазақстан-2030» стратегиясын жүзеге асырудың негізі»**бағытының*химия секциясында*Сейлханова Дария, Иманғазина Адина «Сусабынның құрамдық қасиеттерін зерттеу», Боранбаева Тоғжан «Сұлы ерітіндіде өсімдіктерді өндіру», *биология секциясында* Ермеков Әділет«Экологиясы қолайсыз аймақтарда өнімді ерте алу технологиясы» тақырыбында, *қоршаған ортаны қорғау мен адам денсаулығы секциясында* Успанова Айгерим «Павлодар қаласы бойынша экологиялық туристік турларды ұйымдастыру» тақырыбында**«Қазақстанның тарихи ескерткіштері мен туристік бағытының дамуы»**бағытыныңқұқықтану секциясындаСатпекова Әлемгүл«Павлодар облысының құқық бұзушылық жағдайларын шешу жолдары» тақырыбында, тарих секциясында Ибраева Сая «Айбынымызды асқақтатқан – Тәуелсіздік тұмарлары»тақырыбында,өлкетану секциясындаӨміржан Ақберен «Көлік пен туризмнің өз ара байланысы мен көлік түрлерінің туризмдегі алатын орны» тақырыбында, әдебиет секциясында Амангелді Айдана «Концепты «воля » и «свобода» в произведениях С. Донентаева» тақырыбында, Ахметова Замира «Жыраулар поэзиясындағы фольклорлық дәстүр» тақырыбында,тілібілімі секциясында Айтпекова Дана «Қазақ тілі мен орыс тіліндегі тәуелдік жалғаудың айырмашылығы», Амангелді Әсия, Писмиленова Аида, Ибрайкина Айсаралар «Концепт «Трусость, Душа, Путешествия» в казахской, русской и английской картинах мира» тақырыптарында, Рүстем Илияс «Эпистолярный жанр в современной интерпретации» тақырыбында, этномәдениеттану секциясында Қайыржанова Адия «Жергілікті жердегі аңшылық дәстүрін дамыту мақсатында құмай тазының маңызы» тақырыбында жобалар сәтті қорғап шықты. АҒТО «Ертіс дарыны» орталығының маманы Айгүл Қанатқызы гимназия оқушыларының ғылыми жобалар жарысына қатысқан оқушыларының ізденіс жолға бастама алған қадамдарымен құттықтап, болашақта толағай табыстарға жете берулеріне тілектестігін айтты.

«Балауса» радио-ақпараттық орталығының тілшілері.

Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназия. ҚР халықтарының Тілдері күнін мерекелеуге арналған іс-шаралар өтті.

2012 ж. 10-16 қыркүйекте тілдер айлығы шеңберінде Тілдер күнін мерекелеуге арналған «Білім апталығы», ал 17-22 қыркүйекте «Шығармашылық апталығы» өткізілді. Дүйсенбі мен жұма - қазақ тілінің күні, сейсенбі - орыс, сәрсенбі - ағылшын, бейсенбі - қытай, сенбі - араб тілдерінің күні деп аталды. Әр күні атап өткен тілде ашық сабақтар беріліп, радиохабар, видеороликтер көрсетіліп, сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Балауса» ақпараттық радио орталығының жетекшісі Жақупова Самал Серікқызы және орталық мүшелері үлкен қонырау кезінде дүйсенбі, жұма күндері «Ана тілім-ардағым», сейсенбі күні «Язык как чудо из чудес», сәрсенбі күні «English around us», бейсенбі күні қытай тілінде «Тіл білу – ел білу» радиохабарларды өткізді және «Тіл -достық құралы» видеороликтерді көрсетті. Видеороликтерді жазған тілдер пән мұғалімдері және инженерлар Головастенко А.И., Есентаев А.А.



Мектеп кітапханасында кітапханашы Женаева Гүлжан Иранқызы «Тіл тағдыры – ел тағдыры» тақырыбындағы кітап көрмесін ұйымдастырды. Әр сыныпта Қазақстан халқы Тілдер Күнін мерекелеуге «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» тақырыбына тәрбие сағаттары өткізілді.

«Білім апталығы» барысында қазақ тілі пәнінің мұғалімдері Нұрғалиева Д.А., Дюсембаев Ә.Қ., Шапауова Ә.С., орыс тілі пән мұғалімдері Ибрайкина Қ.М., Бекбасова Б.Ш., Курлеутова Г.К., Тулеубаева К.Б., ағылшын пән мұғалімдері Сабиганова С.А., Смагулова А.Е., Уажанова Б.Б., қытай тілінің мұғалімі Хуаныш Жайнагүл, араб тілінің мұғалімі Аршабаев С.Т. ашық сабақтар берді.



«Шығармашылық апталығы» барысында қазақ тілінде Дюсембаев Ә.Қ. зияткерлік ойын, орыс тілінде Ибрайкина Қ.М. «Литературная гостиная», төрт тілде Бекбасова Б.Ш., Уажанова Б.Б., Хуаныш Ж. интеллектуалдық сайыс өткізді. Бастауыш мұғалімдері екінші сыныпта арасында «1001 мақал, 101 жұмбақ» сөз өнері сайысы, үшінші сыныптар арасында Ш. Мұртазаның 80-жылдығына арналған әдеби-музыкалық ертеңгілік, төртінші сыныптар арасында «Өзге тілдің бәрін біл» үш тілде



интеллектуалды ойынды өткізілді. Тіл білімі, логикадан, ауыз әдебиет тақырыбынан қойылған сұрақтарға оқушылар жауап беріп, қорытынды сапта жеңіске жеткен 15 оқушы марапатталды.



21 қыркүйек күні «Өз тілін - бірлік үшін, өзге тіл - тірлік үшін» атты музыкалық-әдеби фестиваль өтті. Фестивальді ұйымдастырған: қазақ тілі пән мұғалімі Нұрғалиева Д.А., ағылшын тілі пән мұғалімі Смагулова А.Е, орыс тілі пән мұғалімі Г.Курлеутова, қытай тілі пән мұғалімі Хуаныш Ж., хореография пән мұғалімі Зембаева Д.С.. Оқушылар қазақ, орыс, қытай ұлттық киімдерінде би билеп, ән айтып, төрт тілде (қазақ, орыс, ағылшын, қытай) өлеңдер оқыды. Тіл мұғалімдері сақнаға шығып, әр тілде өлең айтты. Тіл туралы ұлы ақын-жазушыларымыздың қанатты сөздер, басқа да тіл туралы мәліметтер пернетақтада көрсетіліп, оқушы сезіміне әсер етіп, білімдеріне білім қосты.



17 қазан күні қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімі Шапауова Әсем Сембіқызы және кітапханашы Женаева Гүлжан Ирановна мектепшілік кітапханада «Бір ел - бір кітап» акциясы аясында Оралхан Бөкеевке арналған конференция өткізді. Конференцияға 5-11 сыныптар оқушылары қатысты. Ақынның өмір-баяны, шығармашылық жолдары, «Қар қыз» повесінің тарихтағы және



әдебиеттегі орны талқыланды. Оқушылар Ибрайкина Айсара, Турапекова Айым, Сәтпекова Әлемгүл, Сейілғазин Арман, т.б., конференцияға белсенді қатысып, ойларымен бөлісті. Конференция барысында кітапханашы кітаптармен таныстырып, мазмұның ерекшеліктерін айтып шықты.

Тілдер апталығына гимназия оқушылары мен ұстаздар белсенді қатысып, барлық іс-шаралар өз деңгейінде өткізілді.



Көптілділік жөніндегі директордың орынбасары: К.Б.Тулеубаева

Ұстаз мерейі үстем болсын!



Ұстаз - қасиетті ұлы ұғым. Ұстаз еңбегі қашан да өлшеусіз. Кез-келген адам өзін білім нәрімен сусындатқан ұстазын еске алғанда, ұлы данамыз Абай атамыздың: «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген қағидасын еріксіз есіне алатыны сөзсіз.

Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясында өз ісінің шебері атанған ұстаздар біршама. Солардың бірі білім саласында 31 жыл еңбек етіп келе жатқан бастауыш сынып мұғалімі - Аманжолова Сәуле Галиевна. Оның педагогикалық принципіне шығармашылық, ізденіс, озық технологияларды өзіндік шеберлікпен қолдануы жатады. Ізденімпаз ұстаз «Дарынды балалардың шығармашылығын арттыру» тақырыбы бойынша біліктілігін шыңдау үстінде. «Сөйлеу тілін дамыту», «Шебер қолдар», «Математикалық логика» атты арнаулы бағдарламалардың авторы. Ағымдағы оқу жылы Республикалық «Ақбота» интеллектуалдық марафонында 9 оқушысы ІІ, ІІІ орындарды иеленсе, Халықаралық «Кенгуру» математикалық ойын байқауында бір оқушы ІІІ орынды иеленді.

Сәуле Галиевна әрдайым ізденістерге талпынып облыстық байқауларға белсене қатысады. Облыстық «Жаңа технологияларды қолданудағы үздік бейнесабақ» байқауына қатысып І орынды иеленсе, облыс және қала көлемінде ұйымдастырылған семинар кеңестерде өткізген ашық сабақтары жоғары бағаланды. «Өз біліктілігін арттыру - мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттырудың бір формасы» тақырыбындағы семинарда тыңдалып, МБАИ-ға облыс көлемінде таратылуға ұсынылды.

Білім саласын дамытуға қосқан үлесі және кәсіптік қызметіндегі жоғары көрсеткіші үшін Қалалық білім беру бөлімінің бірнеше мадақтамасына ие болды. Сәуле Галиевна ұжымда беделді, оқушылар мен ата-аналар арасында сыйлы, өз еңбегін шығармашылықпен ұйымдастыра білетін білікті, тәжірибелі ұстаз.

Аманжолова Сәуле Галиевнаны гимназия ұжымының атынан мерейтойымен құттықтап, өмірде беделі үстем болып, зор денсаулық, табысы баянды, жас ұрпаққа беретін білімі мен тәрбиесі әрқашанда жемісті болсын демекпіз.

Гимназия ұжымы.

ТАПҚЫР БОЛСАҢ, ШЕШІП КӨР!

Жұмбақтар

Қызықтырып әркімді-ақ
Суда жүзержылтылдап.

“Б” әрпінен басталар,
Солжәндіктіңатын тап. (.....)

. Отызекімықты.
Қаз-қатар бопшықты
Он алтысы үсті
Он алтысы асты (.....)

Математика сабағындағы шығармашылық қабілетін дамыту.

Логикалық сесеп

- Айгүлдің алдында 3 зат тұр: шелек, доп, қуыршақ. Допты қозғамай қалай шетіне қоюға болады?
- Үстел үстінде төрт алма тұр. Бір алманы алып портасынан бөліп қайта қойды. Үстел үстінде неше алма болды?
- Қоянға, түлкіге, аюға үш түрлі жалауша жасап берді - қызыл, сары, көк. Қояндағы жалауша қызыл емес, түлкідегі қызыл да, көк те емес. Кімнің жалаушасы қандай?
- Бөлмеде 2 орындық тұр. Әр қабырғаның жанында бір-бір орындық болу үшін сол орындықтарды қалай қоюға болады?

Ойлан, тап

Сиқырлы үш бұрыштағы бос орынды толтыр.

Мақсаты: оқушылардың жылдам есептеу дағдыларын дамытатұсу.

- Мақсаты: оқушылардың амал таңбаларын тағайындай білуді дағдыларын дамытатұсу.

Әріптердің құпиясы

Кестенің көмегімен


Жасырын сөйлем доқы

САҚНМДПОЛРБЖ

- | | |
|--------------------|-------------------|
| • О – ел | • Б – татулығында |
| • Н – Қазақстанның | • Р – ұлт |
| • Д – құдіретті | • М – бүгінгі |
| • Ж – жатыр | • Қ – жаңа |
| • А – әлемдегі | • С – Жаңа |
| • Л – бірлігінде | • П – күші |



--	--	--	--	--




--	--	--	--	--

50'




' — 6 н



СӨЗЖҰМБАҚ «ҚАРЛЫҒАШ»

1. Үй құсы
2. Құстың баласы
3. Туымыздағы құс
4. Ең кішкентай құс
5. Сөйлей алатын құс
6. Ең ұзақ жасайтын құс
7. Сұлулық символы
8. Теңіз құсы



- 8' теңіз құсы
- 7' сұлулық символы
- 6' ең ұзақ жасайтын құс



АНАГРАММА «Е»

1. Аттың сайманы
2. Есептік сан емес
3. Өзеннің аты
4. Қайықты немен жүргізеді?
5. Ұл баланың аты
6. Жақын адамдардың бір-біріне көңіл сыйы





Радио-ақпарат орталығының мүшелері:

- 1.Редакторы: Адия Каиржанова*
- 2.Редактордың орынбасары: Әмина Исаева*
- 3.Көркемдеуші редакторы:Аскар Хайргельдинов*
- 4. «Гимназия тынысы» айдарының тілшісі: Успанова Айгерім*
- 5. «Спорт жаңалықтары» айдарының тілшісі: Азамат Жолдас*
- 6. «Гимназия спорт жаңалықтары» айдарының тілшісі: Амиргалиева Мадина*
- 7. «Жас қалам» айдарының тілшісі: Асылбек Канапьянов*